

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті
Педагогика және психология даярлау бағыты бойынша АҚ мәжілісінің
№ 3 хаттамасы**

Түркістан қаласы

05.03.2025 ж.

Қатысқандар: PhD., аға оқытушы А. Тасова, аға оқытушы А.Арыстанбаева, п.ғ.к., аға оқытушы С.Алимбекова, п.ғ.к., аға оқытушы П.Искакова, аға оқытушы С.Паштанов, PhD., аға оқытушы К. Кабекеева, PhD., доцент А. Куралбаева, М.Әбенова атындағы ЖОМ директоры Т.Мендібаева, "Түркістан Ахмет Ясауи" кәсіби колледжінің директоры А. Кенжалиев, докторант А. Ибраева, магистрант Ж.Құдайберген, білімгер А. Мұхтар, кафедра ОПК,

Күн тіртібі:

1. Әзірленген, жаңартылған ББ Реестрге енгізу
2. Аккредитация есептерін даярлау, аккредиттеудің сыртқы экспертер тобының визитін үйімдастыру
3. Қантар, акпап және наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау
4. Әртүрлі мәселелер.

ББ-ның 2024-2025 оку жылындағы білім беру бағдарламаларының рейтингісіне (Атамекен, НААР, НКАОКА) қатысу нәтижелерін және оку жылында қол жеткізетін нәтижелерін талдау

Тындалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша АҚ төрайымы А.Арыстанбаева:

6B011 «Педагогика және психология» даярлау бағытының, 6B01121 «Психология (IP) білім беру бағдарламасына талдау жүргізілгенін мәлімдеді. Бұл талдау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығының 59-косымшасы негізінде жүзеге асырылды. Егер өзгерістер анықталса, олар бойынша ұсыныстар енгізу қажеттігі атап өтілді.

1. АҚ мүшесі П.Искакова бірінші мәселе бойынша сөз алды: Қазақстанда жоғары оку орындары бірлескен білім беру бағдарламаларын ұсыну арқылы білім беру сапасын арттыруға және халықаралық стандарттарға сәйкестендіруге ұмтылуда. Осылай байланысты Педагогика және психология кафедрасының өкілдері 7M01102 – «Білім беруді басқару» бірлескен білім беру бағдарламасының әзірленгенін айтты, қантар айында кафедра мәжілісінде талқыланғанын айтты. Бұл бағдарламалар студенттерге екі немесе одан да көп университеттің оку жоспарларын біріктіріп, кеңейтілген білім алу мүмкіндігін береді.

АҚ мүшесі А. Тасова сөз алды: Бағдарлама енбек нарығының талаптарына сәйкес кәсіби басқару дағдыларын қылыштастыруға және білім беру жүйесінде тиімді менеджментті қамтамасыз етуге бағытталған. Қазақстан Республикасы мен Түркия мемлекетінің (Хаджеттепе университеті) бірлескен бағдарламасы ретінде оку процесін үйімдастыру жұмыстары жүргізілгенін атап өтті.

АҚ мүшесі А. Куралбаева сөз алды: Педагогика және психология кафедрасына қарасты 7M01163 - Білім берудегі басқару бірлескен білім беру бағдарламасын әзірлеу барысында, бағдарлама Қазақстан мен Түркия мемлекеттері арасындағы білім беру саласындағы серіктестіктің бір бөлігі ретінде Хаджеттепе университетімен бірлесе отырып құрылды. Бағдарлама мазмұны төмөндегідей аспектілерімен таныстырылды. Бағдарлама **оқыту тілі:** казақ және түрік тілдері, оку мерзімі: 2 жыл, **негізгі пәндер:** шет тілі (кәсіби), білім беру менеджменті, цифрлық технологиялар, көшбасшылық және білім беру саясаты, біліктілік деңгейі: ҚР ҰБШ 7, СБШ 7 (Ұлттық және салалық біліктілік

шенберлері екенін айқындаپ өтті. Бағдарлама дайындалып реестрге енгізілуін, бағдарлама мазмұны, пәндер және сағаттық жүктеменің бекітілуіне баса назар аударылуын айтып өтті.

АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі А.Кенжалиев сөз алды: 7М01163 - Білім беруді басқару бірлескен білім беру бағдарламасын өзектілігін атап өтіп, білім беру саласындағы басқару мамандарына қойылатын талаптарды ортага салды. Олар түлектердің менеджмент, цифрлық технологиялар, көшбасшылық және стратегиялық жоспарлау дагдыларын менгеруі қажеттігін баса айтты.

АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі Ж.Азретбергенова, мектеп директоры сөз алды: Қазіргі заманғы білім беру үйімдегі үшін кәсіби басқарушы кадрлардың маңызы зор. Білім беру мекемелерінің тиімді жұмыс істеуі тікелей басшының біліктілігіне байланысты. Сондықтан біз үшін басқару саласындағы заманауи тәсілдер мен технологияларды менгерген мамандардың даярлануы аса маңызды. Бұл бағдарлама мектеп директорлары мен басқа да білім беру мекемелері басшыларына қажетті құзыреттерді қалыптастырады деп сенеміз. Сондай-ақ, бағдарламаның халықаралық серіктестік негізінде жүзеге асырылуы – болашақ мамандардың жаһандық деңгейдегі білім алуына мүмкіндік беретінен сенімі мол екенін атап өтті.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша АК төрайымы А.Арыстанбаева: аккредитация есептерін даярлау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндан, есептердің мазмұнын қалыптастырудың негізгі талаптарын атап өтті. Аккредитация үдерісінде оку бағдарламаларының сапасын бағалау, білім беру қызметтерін стандарттарға сәйкестендіру және сапаны қамтамасыз ету жөніндегі үздік практикаларға сүйену қажеттігін атап өтті.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығының 59-қосымшасын негізге ала отырып, талдау нәтижесінде мектептерде 6B01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасына сәйкес нақты пәндердің жүргізілмейтіні анықталды.

Алайда, осы бағыттағы мектеп педагог-психологтары өз қызметін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығына сүйене отырып жүзеге асырады. Осыған байланысты, кафедра өкілдері педагогика және психология мамандығы бойынша оқытылатын кәсіби пәндер мектеп педагог-психологтарының жылдық жеке жұмыс жоспарында көрсетілген психологиялық қызмет бағыттарына сәйкес құрастырылғанын атап өтті. Бұл сәйкестік болашақ мамандардың кәсіби даярлышын мектептегі нақты практикалық қызметке жақыннатуға мүмкіндік береді.

АК мүшесі С.Алимбекова сөз алды: Кафедрадағы пәндердің мазмұны мектеп педагог-психологтарының кәсіби қызметімен толықтай үйлеседі. 6B01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасы аясында оқытылатын пәндер мектеп педагог-психологтарының негізгі міндеттері мен қызмет бағыттарына сәйкес келеді.

Атап айтқанда, Жас ерекшелік психологиясы, Психодиагностика, Кенес беру психологиясы, Психологиялық түзету және дамыту әдістері, Эксперименттік психология, Әлеуметтік психология және Кәсіби коммуникация негіздері сияқты пәндер мектеп педагог-психологтарының диагностикалық, кенес беру, түзету-дамыту, ағартушылық және алдын алу жұмыстарын жүргізуге қажетті теориялық және практикалық білім береді.

Сонымен қатар, кафедрада оқытылатын кәсіби пәндер мектеп педагог-психолог мамандарының Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығына сәйкес әзірленген жылдық жеке жұмыс жоспарындағы психологиялық қызмет бағыттарына сәйкес құрастырылған. Бұл болашақ мамандардың мектеп жағдайында тиімді жұмыс жасаудына, алған білімдерін практикада колдана алуына мүмкіндік береді.

АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі Ж.Азретбергенова, мектеп директоры сөз алды:

Кафедрадағы пәндердің мазмұны мектеп педагог-психологтарының кәсіби қызметімен толықтай үйлеседі. 6B01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасы аясында оқытылатын пәндер мектеп психологтарының негізгі міндеттері мен қызмет бағыттарына сәйкес келеді.

Сонымен қатар, кафедрада оқытылатын кәсіби пәндер мектеп педагог-психолог мамандарының Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бүйрығына сәйкес езірленген жылдық жеке жұмыс жоспарындағы психологиялық қызмет бағыттарына сәйкес құрастырылған.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша **мектеп директоры** да бұл ақпаратты мақұлданап, университеттегі оқыту үдерісі мен мектептегі психолог мамандарының қызметі арасында өзара тығыз байланыс бар екенін атап өтті. Ол болашақ педагог-психологтарды даярлау барысында теориялық білім мен тәжірибелің үштасуы маңызды екенін және қазіргі оқу бағдарламасының мектептегі нақты жұмыс талаптарына сай келеттін растады.

АК мүшесі, С.Паштанов құн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша: 2024 жылғы 11 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі жасанды интеллект саласындағы AI-Sana бағдарламасын ұсынды. Бұл бастама елдің ғылыми-технологиялық дамуын жеделдетуге, білікті кадрлар даярлауға және жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын дамытуға қолайлы жағдай жасауға бағытталған. Осы бағдарламаның аясында «Педагогика және психология» даярлау бағыттарындағы барлық білім беру бағдарламаларын қайта қарап, негізгі оқу жоспарына жасанды интеллект мүмкіндіктерін мен ғылым саласын біріктіретін пәндерді ендіру керек екенін айтты.

АК мүшесі, п.ғ.к., аға оқытушы С.Алимбекова құн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша 6B01101 «Психология (IP), 6B01101- Педагогика және психология білім беру бағдарламасы және 7M01101, 8D01101- Педагогика және психология даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламаларындағы таңдау компонентіндегі пәндердің ішіндегі модульдерге тақырып ретінде жасанды интеллект элементтерін енгізу үсінды. 6B01101 6B01101 Психология (IP) Оқыту әдістері мен технологиялары пәннің оқытуудың жоспарына лекция және практика тақырыптары мазмұнына «Қазіргі заманы педагогикалық технологияларды сабакта қолдану әдіснамасы және жасанды интеллект мүмкіндіктері» тақырыбын енгізу керек деп шештік. 6B01101- Педагогика және психология білім беру бағдарламасының оқу жоспарында РОА 32103 «Психологияны оқытуудың әдістемесі» пәннің мазмұнына «Педагогика ғылымындағы қашықтықтан оқыту мәселесі және жасанды интеллектті қолдану мүмкіндіктері» модулін енгізу қажет деп санадық. Сондай ак, 7M01101- Педагогика және психология білім беру бағдарламасындағы KOZhAN 5215 «Қашықтан оқыту жүйесінің әдіснамалық негіздері» пәннің мазмұнына «Педагогика ғылымындағы қашықтықтан оқыту мәселесі және жасанды интеллектті қолдану мүмкіндіктері» модулін қосуды жөн көрдік. Ал, 8D01101- Педагогика және психология білім беру бағдарламасындағы ВВВАТ 7215 «Білім беру бағдарламаларын әзірлеу технологиясы» пәннің оқытуудың жоспарына лекция және практика тақырыптары мазмұнына «Білім беру бағдарламаларындағы бағалау және сапа: Жасанды интеллектті қолдану мүмкіндіктері» модулін жасанды интеллект элементтерін қосуды үсінды.

2. АК мүшесі А. Тасова сөз алды: Аккредиттеудің сыртқы экспертер тобының визитін ұйымдастыру мәселесін қозғап, оның жоғары деңгейде өтуін қамтамасыз ету үшін төмендегі шараларды іске асыру қажет екеніне баса назар аударды. Сыртқы экспертерге қажетті ақпарат пен есептерді алдын ала дайындау, оқу үдерісі мен материалдық-техникалық базаны көрсету үшін сапар кестесін бекіту, студенттер, оқытушылар мен жұмыс берушілермен кездесулер ұйымдастыру, экспертерден алынған ұсыныстарды талқылау және жетілдіру шараларын белгілеуді қарастыру екенін атап өтті.

Сонымен қатар университет тарапынан сырткы сарапшыларды қабылдау жұмыстарын жүйелі ұйымдастыруды және олардың сапарының жоғары деңгейде өтуін қамтамасыз етуді тапсырды.

3. Құн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша АК мүшесі А. Арыстанбаева сөз алды: Қаңтар, ақпан және наурыз айларында атқарылған іс шаралар бойынша жалпы нәтижелер қанағаттанарлық деңгейде екеніне тоқталды. Барлық жоспарланған іс-шаралар уақытында және белгіленген мақсаттарға сәйкес өтті. АК мүшелері оң пікірлер айтып, жақсы көзқараста екенін атты.

4. Әртүрлі мәселелер бойынша АК мүшесі, А. Тасова сөз алды: Құрметті Академиялық комитет мүшелері, бүгінгі отырыстың құн тәртібіне сәйкес, біз 2024-2025 оку жылында білім беру бағдарламаларының (Атамекен, НААР, НКАОКА) рейтингіне қатысу нәтижелерін қарастырып, олардың сапасын арттыру бағытында атқарылған жұмыстарды талдаймыз. Сонымен қатар, оку жылы барысында кол жеткізілген нәтижелер мен алдағы уақыттағы стратегиялық жоспарларды сарапалап, бағдарламалардың тиімділігін одан әрі жетілдірүү жолдарын қарастырамыз.

Бұл талқылау білім беру сапасын жақсартуға, бағдарламалардың бәсекеге кабілеттілігін арттыруға және студенттердің білім алу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталады. Баршаңызды осы маңызды мәселелер бойынша өз ойларыңызбен бөлісуге, ұсыныстарыңызды ортаға салғу шақырамын. Қарастырылып отырган мәселелердің нәтижесінде нақты шешімдер қабылданып, оку үдерісін жетілдірудің тиімді жолдары анықталады деп сенемін.

АК мүшесі С.Паштанов сөз алып, оз сөзінде биылғы жылғы рейтинг үшін 2023 жылғы түлектердің деректері талданады. Жұмысқа орналасу уақыты, еңбекақы деңгейі және жалпы жұмысқа орналасуды анықтау үшін 2022 жылдың тамызынан бастап (барлық түлек диплом алған уақыт) 2024 жылдың шілдесіне дейінгі кезеңдегі түлектердің ай сайынғы зейнетақы аударымдары туралы ақпарат колданылады. Мысалы, «Атамекен» ҮКП сарапшыларының жасаған қорытынды негізінде статистикалық мәліметтерге көніл болсек:

- Биыл рейтингте 2051 білім беру бағдарламасы қатысқан. Ал, 2023 жылды рейтингке 95 ЖЖОКБҰ бойынша 121 мамандық (рейтинг) қатысып, 2090 білім беру бағдарламасы камтылды. 100 235 түлектің деректері талданып, Қазақстанның барлық өнірінен 190-нан астам салалық сарапшы тартылды;

- 2024 жылғы түлектерді жұмысқа орналастыру статистикасына ерекше назар аударылды. Соның жылдардағы жұмысқа орналасуды талдау теріс динамиканы көрсетеді. Жалпы республика бойынша 2023 жылды жұмысқа орналасу деңгейі 100% құрады, бұл алдыңғы жылдардағы көрсеткіштерден жоғары (2022 жылды 66,67% және 2021 жылды 89%).

- тағы бір негізгі өлшемшарт – «Түлектердің медианалық еңбекақысы». Бұл көрсеткіш етken жылдармен (168 887 теңге) салыстырганда өзгеріссіз қалды. 2021 жылы ол 155 621 теңге, ал 2020 жылды 114 067 теңге деңгейінде болған;

- Сонымен қатар, оку аяқталғаннан кейін жұмыс іздеу ұзактығы бағаланды. Республика бойынша орта есеппен, түлектер жұмыс іздеуде 3,3 ай өткізді, олардың 60%-ы алғашқы үш айда жұмыс тапты. Ал 2023 жылда орташа алғанда, түлектер жұмыс іздеуге 79 құн (2,64 ай) жұмсайды, олардың 70%-ы алғашқы 3 айда жұмыс тапқан.

6B01101-Педагогика және психология 2024 жылғы көрсеткіш салыстырганда рейтинг критерийлері бойынша талдау негізінде позициясы өте темен болып отыр. (2022 жылды – 21/34 құраған, 2023 жылды – 2/33 2024 жылды -18/34).

6B01101-Педагогика және психология 2024 жылғы көрсеткіш

Түлектердің мансаптық перспективасы бойынша бағасы (жұмыспен қамтылу және жалақы мөлшерін талдау)	-
Сараптамалық бағалау бойынша бағасы	-

Статистикалық деректер және студент жетістіктері бойынша бағасы	-
Жалпы бағасы	2,70
Медианалық еңбекақы (тengede)	-
Жұмыспен қамтылу деңгейі (%)	65,38%
Жұмыс іздеу ұзактығы (ай)	3,38

Күрметті АҚ мүшелері, күн тәртібіндегі **төртінші мәселе** бойынша тоқталсак. Жаратылыштану пәндері бойынша мұғалімдерді даярау бағыты бойынша 6B01510-Физика, 6B01511 - Математика, 6B01512 - Химия, 6B01514 - Химия-биология, 6B01515 - География, 6B01513 - Биология, 6B01573 - Информатика, АКТ және робототехника білім беру бағдарламаларына сәйкес Қазақстан Республикасы Оқу - агарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы қосымшалары негізінде жасалған талдау нәтижесі жасалды. Соган сәйкес силлабустар мазмұнына өзгерістер енгізілген. Осы мәселелер ұсынылған кафедралар хаттамасында қарастырылып бекітүге ұсынылды. Жаратылыштану пәндері бойынша мұғалімдерді даярау бағыты бойынша білім беру бағдарламаларына талдау нәтижесін қарастырайық.

Шешім:

1. 7M01163 - Білім беруді басқару бірлескен білім беру бағдарламасын білім беру Ресстріне тіркелсін.
2. 6B01101 «Психология (IP), 6B01101- Педагогика және психология білім беру бағдарламасы және 7M01101, 8D01101- Педагогика және психология даярау бағыты бойынша білім беру бағдарламаларындағы таңдау компонентіндегі пәндердің ішіндегі модульдерге тақырып ретінде жасанды интеллект элементтері енгізілсін.
3. Қантар, ақпан және наурыз айында атқарылған іс-шаралар нәтижесі қанагаттанарлық деп табылсын.
4. ББ-ның 2024-2025 оку жылындағы білім беру бағдарламаларының рейтингісіне (Атамекен, НААР, НКАОКА) қатысу нәтижелерін және оку жылында қол жеткізетін нәтижелері назарға алынын.

Академиялық комитет төрағасы:

А.Арыстанбаева

Хатшысы:

С.Паштанов